

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қажеттіліктері үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласында ғимараттар мен жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 ақпандағы № 411-IV Заңы

2005 жылғы 10 тамызда Бішкекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қажеттіліктері үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласында ғимараттар мен жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қажеттері үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласында ғимараттар мен жер учаскелерін өтемсіз пайдалануға өзара беру туралы

КЕЛІСІМ

(2011 жылғы 26 сәуірде күшіне енді -

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2011 ж., № 3, 44-құжат)**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

- Қазақстан Республикасы Елшілігінің Қырғыз Республикасында және Қырғыз Республикасы Елшілігінің Қазақстан Республикасында болуына және жұмысына қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында,

- Қазақстан Республикасының Астана қаласындағы Дипломатиялық қалашықта орналасқан жалпы ауданы 555,9 шаршы метрлік № В-5 коттеджіне және алаңы 0,247 га жер учаскесіне меншіктік құқығы бар екендігін ескере отырып;

- Қырғыз Республикасының Бішкек қаласындағы «Ала-Арча» тұрғынжай қалашығында орналасқан жалпы ауданы 531,66 шаршы метрлік № 17 коттеджге және

алаңы 0,17 га жер учаскесіне меншіктік құқығы бар екендігін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қырғыз тарапы Бішкек қаласының «Ала-Арча» тұрғынжай қалашығындағы жалпы ауданы 531,66 шаршы метрлік № 17 коттеджі мен алаңы 0,17 га жер учаскесін Қазақстан Республикасына 49 жыл мерзімге өтемсіз пайдалануға береді.

2-бап

Қазақстан тарапы Астана қаласының Дипломатиялық қалашығындағы жалпы ауданы 555,9 шаршы метрлік № В-5 коттеджі мен алаңы 0,247 га жер учаскесін Қырғыз Республикасына 49 жыл мерзімге өтемсіз пайдалануға береді.

3-бап

Тараптар осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген және бұдан әрі «жылжымайтын мүлік» деп аталатын ғимараттар мен жер учаскелерін Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қажеттеріне пайдалану мақсатында береді және олар 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясында көзделген өкілдіктің ғимараттары мәртебесіне ие болады.

4-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген жылжымайтын мүліктер өкілдік орналасқан мемлекетте алынатын салықтар мен алымдардың барлық түрлерінен босатылады.

5-бап

Жылжымайтын мүліктің күрделі және ағымдағы жөндеуін орындауға байланысты барлық шығындарды жалға алушы Тарап өз есебінен жүзеге асырады және ғимараттың барлық қосымша техникалық жабдықтарының бүтіндігіне, сақталуына және дұрыс жәй-күйіне толық жауапты болады, сондай-ақ өкілдік орналасқан мемлекетте қолданылатын нормативтерге сәйкес коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметі үшін төлем төлейді.

6-бап

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қажеттері үшін жылжымайтын мүлікті бір-біріне іс жүзінде беру Тараптардың тиісті тұлғаларының ғимараттарды қабылдау-беру Актілеріне қол қоюы арқылы жүргізіледі. Тараптар берілетін жылжымайтын мүлікке қатысты барлық қажетті құжаттаманы бір-біріне б е р у г е м і н д е т т е н е д і .

Тараптар жылжымайтын мүлікті осы Келісімге қол қою кезінде болған күйінде іс жүзінде беруге және Тараптардың немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір іс-әрекеті тікелей немесе жанама түрде жылжымайтын мүліктің жәй-күйін нашарлатпауы үшін барлық шараларды қолдануға міндеттенеді.

7-бап

Тараптар Келісімге қол қою сәтінде және жылжымайтын мүліктер нақты берілетін мерзім ішінде берілетін жылжымайтын мүлікке қатысты үшінші тараптардың алдында өздерінің қандай да бір міндеттемелері жоқ екендігі туралы кепілдік береді.

8-бап

Тараптардың өзара уағдаластықтары бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және 49 жыл бойы қолданыста болады. Оның қолданысы Тараптардың келісімі б о й ы н ш а ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнің күшін жоя алады. Мұндай жағдайда осы Келісім Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өтісімен өзінің қолданысын тоқтатады.

Бішкек қаласында 2005 жылғы 10 тамызда әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіндердің заңдық күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

2005 жылғы 10 тамызда Бішкек қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің қажеттері үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласында ғимараттар мен жер учаскелерін өтемсіз пайдалануға өзара беру туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні қырғыз тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК